

**Тараз қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 987 "2010 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 29 шілдедегі N 656 Қаулысы.  
Жамбыл облысы Тараз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 тамызда 112 нөмірімен тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20-бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмысты ұйымдастыру және қаржыландырудың ережесіне» сәйкес, жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында, Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.«2010 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Тараз қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 987 Қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-1-98 болып тіркелген, 2010 жылғы 3 ақпандағы «Жамбыл Тараз» № 5 газетінде жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған Қаулының қосымшасындағы:

1 жолдағы: «204» деген сандар «304» деген сандарымен өзгертілсін.

«Барлығы» деген жолда «230» деген сандар «330» деген сандарымен өзгертілсін.

2. Осы Қаулы Әділет органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С. Мәдиеваға жүктелсін.

*Тараз қаласының әкімі*

*Е. Астаев*